

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 288 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 355 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2022 № 355 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 24 сәуірдегі
№ 288 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1300 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 44, 443-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентінде:

мынадай мазмұндағы 34-2-тармақпен толықтырылсын:

"34-2. "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 3-тармағының 1) – 6) тармақшаларында көзделген реттегіш құралды енгізуді немесе жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатуды жүзеге асыруды көздейтін құжаттардың жобалары бойынша кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен алдын ала реттеушілік әсерді талдау рәсімі жүргізіледі.

Реттеушілік әсерді талдау нәтижелері реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.";

50-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) қаулы жобасы бойынша "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттеушілік әсерді талдау жүргізілген жағдайда, қаулы жобасына Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның хаттамалық шешімі және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның реттеуші мемлекеттік органдардың белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы қорытындысы, сондай-ақ реттеушілік әсерді талдау нәтижелері қоса беріледі.";

53-1-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасы алып тасталсын;

91-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуді немесе жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатуды жүзеге асыруды көздейтін заң жобалары кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен реттеушілік әсерге талдануы тиіс.

Реттеушілік әсерді талдау нәтижелері реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.";

95-тармақ мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

"17) реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуді немесе жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатуды жүзеге асыруды көздейтін заң жобасына кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның реттеуші мемлекеттік органдардың белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы қорытындысы, сондай-ақ реттеушілік әсерді талдау нәтижелері қоса беріледі.";

157-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"157. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспары негізінде әрбір мемлекеттік орган тиісті қаржы жылына арналған меморандумды әзірлейді, оған мемлекеттік органның бірінші басшысы қол қояды және Премьер-Министр бекітеді.";

көрсетілген регламентке 1-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 13-жолмен толықтырылсын:

"

13.	Реттеушілік әсерге талдау жүргізу нәтижелері туралы ақпарат (бар болса)	
-----	---	--

".
";

көрсетілген регламентке 5-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 7-1-жолмен толықтырылсын:

"

7-1.	Реттеушілік әсерге талдау жүргізу нәтижелері туралы ақпарат (бар болса)	
------	---	--

".

2. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 907 қаулысымен.
3. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 06.10.2016 № 568 қаулысымен.
4. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 23.12.2016 № 846 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап төрт ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен
5. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 05.10.2018 № 621 қаулысымен.
6. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 756 қаулысымен.